

ISSN 2616-9320



CENTRAL ASIAN JOURNAL OF TRANSLATION STUDIES

№ 2(3) 2020



THE JOURNAL IS REGISTERED WITH THE MINISTRY OF INFORMATION AND COMMUNICATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

CERTIFICATE № 16822-Ж. ASTANA, 2017

EDITORIAL TEAM



Chief Editor:

S. S. Kunanbayeva - Professor, Academician of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Responsible editors:

A.T. Chaklikova, Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

B. Mizamkhan, Ass. Prof., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

N.A. Aubakir, MA, PhD candidate in Translation studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Editor's assistants:

G.S. Assanova PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

K.M. Zhampeyis C.Phil.Sc., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

A.B. Baidullayeva PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

Sh. O. Saimkulova MA, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Technical editor and design:

R.A. Musataev MA, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

N.A. Aubakir MA, PhD candidate in Translation studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Consultants:

Anna Oldfield, University of South Carolina, USA

Christopher Baker, American University of Central Asia, Kyrgyzstan

Uldanay Bakhtikereeva, PhD, prof., PFUR, Russia

Kim Chang Ho - PhD, professor, Pusan University of Foreign Languages, South Korea

Shabdiz Orang - PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

V.I. Karasik, D.Ph.S., Professor, Volgograd Technical University, Russia

АУДАРМА ІСІНДЕГІ ЛИНГВО-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. С. Райымжанова¹

¹Аударма ісі мамандығының

1-ші курс магистранты

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

Алматы, Қазақстан

E-mail: aidaigul.16@gmail.com

Андатпа: Бұл мақалада аудару ісі мәдениеттанымдық бағыт тұрғысынан қарастырылады. Аудару үдерісінде мәнерлілік, көркемдік құралдары және интонацияны қамтитын халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігі мен авторлық стиль барынша жоғары дәрежеде берілуі тиіс. Авторлық стильден басқа, белгілі бір халық әлемінің бейнесінің ерекшеліктерін қамтитын троптарға, фразелогизмдерге, қарапайым сөздер мен диалектерге де ерекше көңіл бөлінуі керек. Аудармашы баламасыз лексика мәселесіне тап болады, сондықтан оқырман жат мәдениетті сайма-сай қабылдай алуы үшін аудармашы оның мәнін жоғалтпай, хабарлау тәсілін дұрыс анықтауы маңызды. Бұл үшін лингвист әуелгі мәдениеттің сипаты, ұлт тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жайлы айқын түсінікке ие болуы қажет.

Кілт сөздер: лингво-мәдени, аударма, мәдениет, ұлттық ерекшелік, мәдени таңбалаушылық

Г.О. Винокур әрбір тілтанушы нақты бір мәдениеттің тілін зерттей отырып, сол мәдениеттің зерттеушісіне айналады деген. Тіл, мәдениет және этнос мәселелері жаңалық емес. XIX ғасырдың басында-ақ бұны неміс ғалымдары – ағайынды Гриммдер шешпек болған, кейін осы ғасырдың 60-70 жылдары бұл идеялар жалғасын Ресейде – Ф.И. Буслаева, А.А. Потебни, А.Н. Афанасьеваның еңбектерінде тапқан. Дүниежүзі бойынша В. Гумбольдтың ойлары кең тараған. Оған сәйкес, тіл – «халық рухы», халықтың өзіндік ерекшелігі. Мәдениет бірінші кезекте тілде. Ол мәдениеттің бүркеусіз шынайлығы және адамды мәдениетке апарар жол. Тіл – мәдениеттің әлемге деген тұрақты көзқарасы.

Гуманитарлық ғылымдарда «тіл билігі» (Сепир-Уорф гипотезасы)

жайлы жиі айтылады, алайда бұл клише ғылымда әр түрлі түсіндіріледі: М.М. Бахтин оны бөтен сөздің «тұсауы» деп ұғынса, Л.С. Выготский даралық мәннің мағынамен ара қатынасы деген. XX ғасырдың басында құрылған «Wörter und Sachen» («Сөздер және заттар») австриялық мектебі бірінші кезекте лексика мен этимология саласында және жалпы тілтану ілімінде мәдениеттанымдық тәсілдеменің маңыздылығын айқындап, «тіл және мәдениет» мәселесін оның құраушы элементтері – тіл мен мәдениеттің «кірпіштерін» зерттеу жолына бағыттады.

К. Леви-Строс тіл бір мезгілде мәдениеттің өнімі, оның маңызды бөлігі және мәдениеттің өмір сүруінің шарты деген. Оған қоса, тіл – мәдениеттің өмір сүруінің ерекше

жолы, мәдени кодтардың қалыптасуының факторы. В.И. Вернадский өзінің тұжырымдамасында адамзат мәдениетінің энергиясы деп атаған биохимиялық энергияның жаңа формасының қалыптасуында тілдің төтенше маңызды екенін айтқан. Мәдениет тіл тұлғасының мәнін қалыптастырып, ұйымдастырады, тілдік категориялар мен тұжырымдар құрады. Мәдениетті тіл арқылы тану идеясы жаңа емес, ол жайлы А. Брюкнер, В.В. Иванов, Н.И. Толстой және т.б. жазған. Мәселенің шешілуіне қомақты үлес қосқан поляк антропологы Ежи Бартминьский болды. Аталған ғалымдардың еңбектерінде мәдениет лингвистика ғылымымен шектес жатқан ілім ретінде ғана емес, адам, тіл және мәтін құпияларын терең талдау арқылы ұғынуға болатын феномен ретінде қарастырылады. Осылайша, ғалымдардың жеткен жетістіктері нәтижесінде ХХ ғасырдың соңында тіл мәдениетпен байланысты ғана емес: ол мәдениеттен туады, оны білдіреді деген постулат қабылданды. Тіл бір мезетте мәдениеттің жаратушы, дамытушы, сақтаушы құралы және оның бір бөлігі, себебі тіл арқылы материалдық және рухани мәдениеттің шынайы және объективті өмір сүруші туындылары пайда болады. Осы идея негізінде жаңа ілім – лингвомәдениеттану туындайды [1, 26 б.].

Заманауи мәдениаралық өзара қарым-қатынас жағдайы мен ақпараттық-коммуникативтік инфрақұрылымның даму нәтижесінде аударма ісі жаңа әлеуметтік шамаға ие болды. Қазіргі заманғы аударма ісінің

антропоэзектік парадигма аясында дамуы мәтін зерттеуді мәдениаралық тілдесу жағдайында орын алып жатқан коммуникация бірліктері деп қарастырады. Мәдениаралық қатынас үдерісінде тіл феноменінің ұлттық-мәдени таңбалаушылығы айқын бола түседі.

Тіл ұлт менталдылығының бейнесі ретінде ұлттық-мәдени кодқа ие. Тіл мен мәдениет арасындағы байланыс лексикалық деңгейде, атап айтқанда, әлем көрінісінің ұлттық-мәдени өзгешеліктері белгіленген мәдени-таңбаланған лексика деңгейінде айқынбейнеленген. Әр түрлі мәдениет адамдары әлемді өз бетінше сезініп, қабылдайды, осылайша олар әлем жайлы өз түсінігі мен бейнесін қалыптастырады. Біз өзге адамның мәдениетін өз мәдениетіміздің призмасы арқылы қабылдаймыз, бұл түсініспеушілікке әкеліп соғуы мүмкін, ал кейдетіптіжат өмір реалиясынжөкқа шығаруға әкеледі. Сондықтан аударма кезінде лингво-мәдени аспектілерге мән беру нәтижесінде барабарлық пен баламалыққа қол жеткізуге мүмкіндік туғызып, әр түрлі ұлт өкілдері арасында өзара түсінушілік тудырады.

Халық ерекшелігі мен оның мәдени өзгешелігі, күмәнсіз, тілде көрініс табады. Сәйкесінше тіл – бұл, бірінші кезекте, ұлт мәдениетінің бейнесі, ол өзінде ұлттық-мәдени кодты қамтиды, ал сөз – білім тасымалдаушысы, мәдениетті кейіптеуші, семантикалық жүктеме жеткізушісі. Тілді меңгере отырып, адам бір мезетте жаңа ұлттық мәдениетке енеді, үйреніп отырған тілмен сақталып келген орасан зор рухани байлыққа кеңеледі. Осылайша,

тіл үйрену үдерісі мәдениет меңгеру үдерісімен ажырамас түрде байланысты, яғни адам мәдениетті тіл секілді ақпараттық ортадан алады. Аударма – бірінші кезекте, бір тіл мен мәдениетте пайда болған мазмұн мен мәнді өзге тіл мен мәдениет арқылы жеткізу, мұндай жеткізу көптеген салдарға тәуелді: лингвистикалық деңгейде – түпнұсқа мен аударма тілдері құрылымдарының жақындығы мен бөтендігіне; шынайлық деңгейінде – түпнұсқа тілінде сипатталынатын заттар мен құбылыстардың аударма тілінің мәдениетінде бар не жоқ болуына байланысты. Осыған сәйкес, аударма үдерісінде берілуге тиіс ақпарат пен аударылған ақпарат сәйкес келе бермейді. Дұрысы мәтінді толық түсіну және оны сайма-сай аудару үшін аудармашыға ана тілі мен аударатын тілді жоғары деңгейде меңгеруімен қатар, мемлекет тарихы мен мәдениеті жайлы білімге ие болу қажет. Аудармашы екі халықты, авторлық стиль мен тәсілдердің егжей-тегжейін, сөздердің шығу тегі мен сөзжасамды, тарихи аллюзияларды жетік білуі тиіс [2, 394б.]. Аялық білімге ие болу аудармашы үшін әр түрлі тақырыптағы мәтіндерді түсінуде маңызды рөл ойнайды. Жоғарыда аталып өткендей, сөз – коммуникация процессінде берілетін өзекті ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен қатар нақты бір халықтың әлеуметтік-тарихи, зияткерлік, бағалауыш ақпараттың «сақтаушысы». Мұндай ақпарат сөздің мәндік құрылымының ұлттық-мәдени құраушысы болып табылады. Осылайша, мәтін аудармасы жайлы

тіл деңгейінде, мән деңгейінде айтуға болады. Егер аударма үшін тіл деңгейінде аударма сөздігіне жүгіну жеткілікті болса, идея деңгейінде бұл анық жеткіліксіз. Аудармашыға тілдің сол немесе басқа «мәдени-тарихи» компонентін дәл жеткізу үшін әр түрлі көздерге жүгінуге тура келеді. Аударма жетістігі көп жағдайда аудармашының филологиялық және аялық білімдерінің толықтығымен анықталады. Аялық білім – тіл тасымалдаушысында болатын мәдени, материалды-тарихи, географиялық және прагматикалық сипаттағы мәліметтердің жиынтығы. Аялық білім іс жүзінде сарқылмайтын, оның түрлері өлшеусіз және онсыз тілдік қатынас мүмкін емес. Аялық білім түсінігінен басқа, аялық ақпарат түсінігін бөліп қарау қажеттігі бар. Аялық ақпарат – нақты бір ұлттық қауымның тілінде көрініс тапқан, сол ұлттың басым бөлігі меңгерген, тек соларға ғана тән әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер. Мәтін құрастыру барысында автор белгілі бір аялық ақпарат тасушысы ретінде оған біраз әлеуметтік-мәдени мәлімет құяды. Дұрыс түсіну мен аудару үшін аудармашы ақпаратты толық мөлшерде аңғару қажет. Осылайша, аударма тікелей аудармашының аялық біліміне тәуелді. Жоғарыда аталып өткендей, тілде оның мәдениетпен байланысын білдіретін ерекше бірліктер болуы мүмкін [3, 8б.].

Қазақтың тұңғыш педагог жазушысы Ы. Алтынсарин мен ұлы Абай ақынымыз – аударма ісінің ізін салушылардың мұрасын ХХ ғасырдың басында Алаш зиялылары – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов,

С. Сәдуақасовтар жалғастырды. Олар аудармашылықпен айналысып ғана қоймай, бұл істегі кемшіліктер мен жетістіктерді саралайтын, осы сала бойынша ғылыми мақалалар мен сын-пікірлер, ұсыныстар жазып, бұл ілімді әрі қарай дамытуға орасан зор үлес қосты. 1950-1980 жылдары С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Г. Бельгер, М. Құрманов, Ж. Ысмағұлов, Н. Шәкеев секілді көркем аударманы кәсіби биікке көтерген аудармашы мамандар легі қалыптасты. Осы уақыт ішінде әлемдік классиканың үздіктері түгелдей дерлік қазақ тіліне тәржімаланды. Қазақ тіліндегі ұлттық аударма ғылымы жаңа деңгейге шығып, көркем аударма қауымдастықтары жұмыс жасай бастады.

Аударма ісі қазақ әдеби тілінің лексикалық қорының, грамматикалық құрылымының, функционалдық жүйесінің дамып-қалыптасуына, байып-толығыуына, өзгеруіне зор ықпал етеді. Бұрын қазақ тіліне негізінен орыс тіліндегі әдебиеттер аударылатын болса, енді ағылшын және басқа да шет тілдерінен аударылатын туындылар саны күннен-күнге артып келеді. Сол себепті, аударма ісін лингво-мәдени аспектісі тұрғысынан зерттеудің маңызы, қажеттілігі арта түседі. Ұлттық әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары, тіл мамандары – Ғ.Мүсірепов пен І. Кеңесбаев бірігіп жазған еңбектерінде аударма жайлы былай деген: «Тіл мәдениеті саласынан ең қиын да күрделі мәселеге нені жатқызуға болар еді?» деп сұрақ қойса: «Ол – аударма, одан қиын мәселе жоқ» дер едік»[4, 186.].

Кез келген туындыны белгілі бір

мәдениеттің өкілі, сол мәдениет көрініс тапқан белгілі бір ұлт тілінде жазады. Сондықтан шығармада сол туынды жазылған тіл иесінің де, сол мәдениеттен сусындаған көркем мәтін түзуші ақын-жазушының да ұлттық-мәдени таным-түсінігі мәтін мазмұнынан да, стилі мен сөз қолданысынан да менмұнадалап тұрады. Сол мәдениетті бір елден екінші елге, бір тілден екінші тілге жеткізуші тәржімешілер түпнұсқаны да сақтауға, өзі аударып отырған тіл иесінің мәдениеті мен ұлттық танымын да ескеруге барын салады. Таразының екі басын тең ұстау – нағыз біліктілік пен кәсіби шеберлікті қажет ететін іс. Аударма ісінде мұндай шеберлік шыңына мықтының мықтысы ғана шыға алады. Бір ұлттың тұрмыс-тіршілігіне тән, мәдениетіне сіңісті нәрсенің бәрі өзге ұлтта да дәл сол қалпында қайталана бермейтіндігін, олардың тілдерінде де елеулі өзгешіліктер, ұғымдық айырмашылықтар болатындығын жоғары да атап өткен болатыңбыз. Аударма кезінде осы өзгешеліктерді ескеру өте маңызды. Түпнұсқа шығарма жазылған тіл мен аударылып отырған тіл типологиялық тұрғыдан бір топқа жатпайтын жағдайда лингво-мәденитанымдық бірліктерді аудару өзіндік қиындықтар тудырады. Мұны қазіргі аударма ісінде толық шешімін таппаған мәселенің бірі деуге болады. Кейде бір халықта бар ұғым, зат екінші ұлтта болмауы әбден мүмкін. Ондай жағдайда аударылып отырған тілден ол ұғымға ат қою, жаңа сөз жасау немесе сол ұғым атауын тілге қабылдау қажеттілігі туындайды. Жаңа атаулардың жасалуына және кірме сөздердің қабылдануына түрткі

болатын да осындай себептер[4, 172б.].

Ұлы жазушы Джек Лондонның көптеген шығармаларын алғаш рет қазақ тіліне тәржімалаған Ж. Аймауытов хас шеберлік танытқан. Ол америкалық жазушысының ойын қазақ оқырмандарына барынша түсінікті әрі түпнұсқалығын жоғалтып алмай жеткізуге аса көңіл бөліп, айтылған ойларға қазақ тілінде сайма-сай аналог табуға тырысқан. Яғни, аудармашылық трансформация барысында лексикалық-грамматикалық трансформациятәсілдерін қолданып, қазақи ұғымға бейімдеген. Лондонның «Теңсіз, телегей аттаныс» туындысынан алынған «Китай был колоссом среди наций, и его голос вскоре стал уверенно и громко раздаваться во всех странах» деген жолдарын Аймауытов «Қытайдың даусы ұлт топтарында үйірге түскен сақа айғырдың даусындай саңғырлады» деп аударған. Ол осы сөйлемнің «его голос вскоре стал уверенно и громко раздаваться» деген бөлігін «оның даусы сенімді де қатты шыға бастады» демей, оның орнына «үйірге түскен сақа айғырдың даусындай саңғырлады» деген тек қазаққа ғана тән бейнелі тіркестерді қолданған. Бір қарағанда түпнұсқадан елеулі ауытқу бар секілді көрінгенімен, орыс тіліндегі аудармада айтылған ой қазақ оқырманына анағұрлым әсерлі, көркем шығармаға тән образдылықпен жетіп отыр.

«Күштілердің күші» шығармасында «Непонятная это штука – деньги! Точно те песни, что пел Гнида. Чем больше их, тем

казалось, лучше, а выходило наоборот. Мы долго не могли взять в толк, в чем тут дело» сөйлемін Аймауытов оқырманға былай жеткізген: «Ақша деген бір пәле болды. Шіркейдің жыры қандай құбылса, ақша да сондай құбылды. Сырттан қараған кісіге ол бейбіт, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап тұрған тәрізді, ішінара келсек, бәрінің күні қараң, не сиқыры барын ұқпадық». «Олар (ақша) көп болған сайын жақсы бола ма десек, керісінше шығады» деген тікелей аударма мәтінің шынайы мақсатын көркемдік бейнеліліктен айырады, қарабайыр сипат береді. Қазақ халқы үшін «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» қашанда аста-төк, молшылық, мамыржай бейбіт уақытты білдірген. Ал «күні қараң» сөз тіркесі оған қарама-қарсы мағынада қолданылады. Сондықтан Ж. Аймауытовтың қазақ оқырманның санасы мен түсінігіне жақын баламаны қолдануы оның хас шеберлігінің дәлелі мен көрінісі.

Жүсіпбек Аймауытов аударма ісі жайлы алғаш рет «Аударма туралы» мақаласында сөз еткен. Ол «Орыс, Еуропа тілдеріндегі көркем, әдеби сөздерді аударудағы мақсұт – жалаң, қарапайым адамға ұғымды ету емес, мәдениетті жұрттың үлгісімен, сөз кестесімен, олардың салыстыру пернесімен таныстырып, оқушыны тереңге айдап, қиялын байыту, сезімін ұстарту болу керек. Оқушының ығайына көне берген ақын, сүгіретші жақсы емес, оқушыны өз ығайына, өзі жеткен тұрғыға сүйрей білген сүгіретші жақсы. Атқосшы болудан көшбасшы болу жақсы. Олай болса аудармадағы мақсұт: қазақты жат елмен, жана пернемен, жат жұрттың

жан дүниесімен таныстыру болуға тиіс. Сондықтан кейде аударма дәлдіктен қашып, үнемі шайнап беруге дағдыланбау керек» деп жазған.

«Аударматану: лингвистикалық және лингво-мәдени мәселелер» атты еңбегінде отандық филолог А. Алдашева орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем және публицистикалық мәтіндерге салыстырмалы лингво-мәдени талдау жасаған. Автор тіл мен мәдениеттің өзара байланысына тоқтап, жаңа қоғамдық қатынастардың құндылығы – төл мәдениет пен төл тіл ұлттық ерекшелікті білдіретін басты көрсеткіштер деп тұжырымдайды [5, 122 б.]

Түпнұсқа тілінен аударма тіліне өтуді жүзеге асыру барысында болатын түрлендірулерге аударманың сапасы тікелей тәуелді. Тіл аралық трансформациялар аударма ісінде сөздікте сәйкестігі жоқ немесе берілген контекст аясында қолданыла алмайтын жағдайларда әр түрлі мәтіндерді аударуда аудармашымен пайдаланылатын аударма әдістері ретінде қарастырылады. Түрлендіру операциясының туындылары болып саналатын тіл бірліктеріне қарай аудармашылық трансформацияларды лексикалық, грамматикалық және лексико-грамматикалық деп бөлуге болады.

Аударма үдерісінде анағұрлым жиі қолданылатын лексикалық өзгерістерге: аудармашылық транскрипция мен транслитерация; калька тәсілі және лексико-семантикалық алмастырулар: конкретизация (нақтылау), генерализация (жалпылау), модуляция

және т.б. жатады.

Грамматикалық өзгерістерге (морфологиялық, синтактистік): сөзбе-сөз аударма; сөйлемді мүшелеу; сөйлемді біріктіру; грамматикалық алмастыру және т.б. енеді.

Лексико-грамматикалық өзгерістер болып: антонимдік аударма; адекватты алмастыру; метафоризация / деметофоризация; экспликация – сипаттамалық аударма / импликация; компенсация және т.б. саналады.

Транскрипция және транслитерация тәсілдері арқылы сөздер тілдің артикуляциялық ережелеріне сәйкес түпнұсқа тілдің фонетикалық жазу құралдарының көмегімен басқа тілге сол күйінде енеді. Транскрипция арқылы сөздің фонетикалық дыбысталуы беріледі, яғни аударманың жеткізілуі максималды түрде түпнұсқаға сәйкес келуін білдіреді. Ал транслитерация арқылы графикалық формасы (әріптер құрамы) сипатталады. Мысалы, New York – Нью-Йорк, «Жаңа» Йорк емес, Saint Louis –Сент-Луис, «Әулие» Луис емес.

Сипаттамалық аударма (экспликация) – бұл лексико-грамматикалық трансформация, мұнда шет тілінің лексикалық бірлігі оны суреттейтін сөз тіркесімен алмастырылады. Аударма тілінде толық түсіндірмесі немесе анықтамасы беріледі. Сипаттама тәсілі арқылы баламасыз лексиканың мағынасын жеткізуге болады. Мысалы, «brain drain» тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы «мидың ағуы», ал мағынасы мемлекеттің зерделі, дарынды және оқыған азаматтарының өзге елге жаппай көшуін (ағылуын)

білдіреді. Бұл термин 1963 жылы «Evening Standard» басылымында алғаш рет қолданылған.

Кең тараған аударма әдістерінің бірі – адекватты алмастыру. Ол көбіне идиомалар мен дәстүрлі метафораларды аудару қажет болғанда қолданылады. Бұл тәсілдің мәнісі түпнұсқа тілдегі пікірді толықтай не жартылай аударма тіліндегі дәл сондай мәндік және эмоционалдық функциясы бар өзге пікірмен алмастыру.

Ағылшын тіліндегі ғылыми мәтіндерге, әсіресе американдық ағылшын тіліне тән қасиеттердің бірі – метафоралық. Метафоралық түпнұсқа тіл өкілінің ұлттық менталдылығының көрінісі, оның этнопсихологиялық сипаттамаларының белгісі болып табылады. Сондықтан аударма кезінде метафорадан ақиқатты білдіретін лексема семантикасын аңғару қиындық тудырады. Қазіргі таңда метафора тек ақпараттық контексте ғана емес, сонымен қатар түпнұсқа тілдің лингво-мәдени контекстінде қарастырылуы қажет. «Тіл өзінің мағыналар мен ассоциациялар жүйесі арқылы әлемнің концептуалды моделін ұлттық-мәдени түстерге бояйды» деп тұжырымдайды В. Телия [6].

Қазіргі таңда тілде аса кең таралмағандықтан аудару үдерісінде қиындық тудыратын алуан түрлі сөздің бейнелі құралдары кездеседі. Оларды аударумен байланысты мәселелерді шешу үшін олардың шығу тарихына жүгінген абзал. Өкінішке орай, кейбір сөздің бейнелі құралдарының аудармасын табу оңайға соқпайды, ал шығу тарихын табу мүлдем қиын. Дегенмен сөздің

шығу төркінін іздеу жолында оған оңтайлы аударма нұсқасын табумен қатар, аудармашының лингво-мәдени білімін кеңейтеді. Оған қоса, бұл мәліметтерді жүйелеу мақсаты негізінде арнайы сөздіктер жасау болашақ аудармашылардың еңбегін біршама жеңілдетеді.

Осылайша, біз аударма ісінің кейбір теориялары мен әдістемелерін лингво-мәдени танымдық тұрғыдан қарастырдық. Жалпы аударма ісі – бұл аудармашының борышы – халықаралық коммуникациядағы делдалдыққа қатысты кәсіпқойлық пен адалдық танытуды білдіреді. Аударма барлық жағдайда лингво-мәдени коммуникацияны құрайды, сондықтан өзара тілдік түсінушілікті қалыптастырады. Аударма ісіндетек түпнұсқа тілдің лексико-семантикалық және лингво-мәдени тереңдігіне үңілуді ғана емес, сонымен қатар аударманың қай жанрда, қай салада екеніне мән берудің аса маңызды екенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1]. Маслова В. А. М 31 Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208б.
- [2]. Набоков В.В. Искусство перевода // Набоков В.В. Лекции по русской литературе. М.: Независимая газета, 1996. 389-397б.
- [3]. Гюббенет И.В. К проблеме понимания литературно-художественного текста (на английском материале). М.: Изд-во Моск.ун-та, 1981. 112б.
- [4]. Құрманбайұлы Ш. Көркем аудармадағы жаңа атаулар: жасалуы мен қолданысы – Астана: Фолиант, 2017. – 560б.
- [5]. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингво-мәдени мәселелер – Алматы: Арыс, 1998. – 215б.
- [6]. Стежко Ю.Г. Лингвокультурный и социокультурный аспекты проблемы перевода терминов – Текст: непосредственный, электронный // Молодой ученый. – 2013 - №7(54) – 496-501б.

PECULIARITIES OF THE LINGUISTIC AND CULTURAL ASPECTS OF TRANSLATION

Raiymzhanova A. ¹

1st year master's degree student of
Ablai Khan KazUIRandWL
Almaty, Kazakhstan
E-mail: aidaigul.16@gmail.com

Abstract: This article discusses the translation process from the point of view of cultural orientation. In the translation, the maximum transfer of the author's style, national and cultural identity of the people, like imagery, intonation, expressiveness play a particularly important role. In addition to the above, it is necessary to highlight the importance of pathways, phraseological units, dialects that carry the peculiarity of the worldview of a particular people. The problem of the nonequivalent vocabulary faced by the translator requires the correct way to transmit the text without losing its meaning so that the end reader can adequately perceive another culture. For this, it is necessary to have an idea of the history of the nation, the way of life of the people and the nature of the original culture.

Keywords: linguistic-culturological, translation, culture, national specificity, cultural marking

ОСОБЕННОСТИ ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫХ АСПЕКТОВ ПЕРЕВОДА

А. С. Райымжанова ¹

¹Специальность: Переводческое дело
магистрант I курса
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
e-mail: aidaigul.16@gmail.com

Аннотация: В данной статье переводческое делорассматривается с точки зрения культурологической направленности. В переводческом процессе максимальная передача авторского стиля, национально-культурного своеобразия народа, как образность, интонация, выразительность играют особо важную роль. Кроме вышеперечисленного, необходимо выделить важность троп, фразеологизмов, диалектов, которые несут в себе особенность картины мира определенного народа. Проблема безэквивалентной лексики, с которой сталкивается переводчик, требует правильного способа передачи текста, не теряя его смысла, чтобы конечный читатель смог адекватно воспринять другую культуру. Для

этого необходимо иметь представление об истории нации, бытовом укладе народа и характере исходной культуры.

Ключевые слова: лингво-культурологический, перевод, культура, национальная специфика, культурная маркированность

CAJTS

Центрально-Азиатский Журнал Переводоведения

Рецензируемый научный журнал открытого доступа, где размещаются научно-практические статьи и обзоры, посвященные вопросам теории и практики перевода, а также истории, методологии и обучения переводу в высших учебных заведениях.

Журнал публикуется два раза в год и является **рецензируемым**. Редакторы планируют публиковать как регулярные, так и тематические/специальные статьи. CAJTS нацелен на быструю и простую публикацию передовых исследований, в том числе статей, результатов исследований/разработок по переводческой деятельности и межкультурной коммуникации, рецензии на книги, посвященные переводческой деятельности и многое другое.

1(3) 2020

ҚАҢТАР-НАУРЫЗ 2020 Ж.
ЯНВАРЬ-МАРТ 2020 Г.
JANUARY-MARCH 2020

Published since January 2018

050022, 200 Muratbayev st, Almaty, Kazakhstan
Central Asian Journal of Translation Studies
www.cajts.ablaikhan.kz